



 ЕЛБАСЫНЫҢ
«ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМҚОРЛЫҚ»
ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК ШАРАЛАРЫ

*Түсіндіру жұмыстарын жүргізу жөніндегі ақпараттық-
имиidждік топтарға арналған әдістемелік ұсынымдар*

АСТАНА, 2019 ж.

Осы шұғыл әдістемелік ұсынымдарды ақпараттық-насихаттық топтардың жұмысы үшін, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру үшін Премьер-Министрдің Кеңесі өзірледі.

Ұсынылған материалдар сондай-ақ саясаттанушыларға, әлеуметтанушыларға, экономистерге, ғалымдарға, оқытушылар мен ЖОО студенттеріне, депутаттарға, мемлекеттік қызметшілерге және жүртшылықта пайдалы болуы мүмкін.

Мемлекет басшысы «Nur Otan» партиясының XVIII съезінде Қазақстан дамудың жаңа кезеңіне аяқ басқанын атап өтті. Алдағы 10 жыл – бұл мемлекетіміздің ең дамыған 30 елдің қатарына кіруіндегі шешуші кезең.

Негізгі басымдық – азаматтардың лайықты өмір сұру деңгейін қамтамасыз ету мен Қазақстанның әлеуметтік бағдарланған мемлекет ретінде дамуы.

Онда нақты мақсаттар мен жобалар белгіленген, олар негізгі үш бағыт бойынша іске асырылатын болады:

1. Халықтың күн көрісі тәмен тобының табысын арттыру және қолдау;
2. Жалақысы тәмен азаматтардың тұрғын үй мәселесін шешу және білім беру мен денсаулық сақтау салаларын жақсарту;
3. Өнірлерді кешенді дамыту.

Айтылған шараларды іске асыру алдағы үш жылға мемлекеттік әлеуметтік саясаттың негізі бола алады және барлық онжылдықта перспективаны белгілейді.

I. ОТБАСЫЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТ ДЕНГЕЙІН ӨСІРУ

1.1. Бюджеттік саланың жалақысы төмен қызметкерлерінің жалақысын арттыру

2019 жылғы 1 шілдеден бастап бюджеттік саланың жалақысы төмен қызметкерлерінің жалақысы **30%-ға** дейін арттырылады.

Бұл **1 миллион** азаматтық қызметшіге, деңсаулық, білім беру, әлеуметтік қорғау, мәдениет, спорт, ауыл шаруашылығы және басқа салаларда жұмыс істейтіндерге тікелей қатысты болады.

1-8 разрядтағы жұмыскерлер, қосалқы (техникалық), әкімшілік және негізгі персонал жұмыскерлерінің, сондай-ақ басқарушылық персонал қызметкерлерінің жалақысы **30%-ға** дейін арттырылады.

Аталған жұмыскерлердің жалақылары сарапанған түрде лауазымдық айлық есептеу үшін коэффициентті ұлғайту арқылы арттырылады.

Бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысын арттыруды қаржыландыру үшін 2019 жылға арналған республикалық бюджетте **115,7 млрд.** теңге көзделген, 2020 – 2021 жылдарға Үкіметтің резерві есебінен **234,4 млрд.** теңге көзделетін болады.

1.2. Атқаруышы органдардың төменгі сатыдағы жұмыскерлерінің жалақысын арттыру

2019 жылғы 1 шілдеден бастап аудандық және атқаруышы органдардың облыстық деңгейде азаматтармен тікелей жұмыс істейтін төменгі сатыдағы жұмыскерлерінің жалақысы арттырылатын болады.

Жалақыны арттыру ауылдар, аудандар мен облыс деңгейінде жұмыс істейтін 78 мың мемлекеттік қызметшіге қатысты болады. Жалақының орташа өсімі **25%-ды** құрайды.

Аталған мақсаттарға мемлекет алдын ала 3 жыл ішінде шамамен қосымша **77 млрд.теңге** бөледі.

Мысалы, егер қазір облыста жетекші маманның жалақысы шамамен 82 мың теңге болса, енді ол 107 мыңнан астам алатын болады. Ауылда маманның ең аз жалақысы 81 мың теңгені құрайды.

1.3. Аз қамтылған, оның ішінде көп балалы отбасыларды қолдау шарапарын күшейту

1. Атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі - АӘК) тағайындау тетігін жетілдіру

Біріншіден, атаулы әлеуметтік көмек көрсету критерийі ең төменгі күнкөріс деңгейінен 50%-дан **70%-ға дейін арттырылады** (*14 849 теңгеден 20 789 теңгеге дейін*). Нәтижесінде, егер бұрын АӘК-ті 571 мың адам алған болса, 1 шілдеден бастап **830 мыңнан** астам адам қамтылады.

Екіншіден, атаулы әлеуметтік көмек тағайындаған кезде **отбасының жынтық табысынан** көп балалы отбасыларға және «**Күміс алқа**» және «**Алтын алқа**» төс белгілерімен марапатталған **көп балалы аналарға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар**, сондай-ақ мүгедектігі бойынша балаларға берілетін жәрдемақылар алып тасталады.

Үшіншіден, ай сайын аз қамтылған отбасының әрбір баласына күнкөріс деңгейінің 70%-ы мөлшерінде кепілдендірілген көмек (*20 789 теңге*) көрсетілетін болады. Отбасының ересек мүшелері үшін АӘК мөлшері бұрынғыдай есептеледі. Ол орта есеппен қолданыстағы көмектің мөлшерін **40%-ға** арттырады.

Мысалы:

Отбасы құрамы – әкесі, анасы және 4 баласы.

Табысы – еңбек қызметтінен түсестін табысы 50 000 теңге, 10504 теңге мөлшерінде көп балалы отбасыларға АМЖ (2018 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған кезде)

Отбасының жынтық табысы - 60 504 теңге.

Жан басына шаққандағы табысы - 10 084 теңге.

АӘК тағайындау қолданыстағы тәртібі бойынша

Отбасының әрбір мүшесіне АӘК мөлшері 4 765 теңгені құрайды.

Барлығы отбасына АӘК мөлшері айына **28 590 теңгені құрайды.**

АӘК жана тәртібі бойынша тағайындау (көп бабалы отбасылардың жәрдемақыларын алып тастауды және ЕТКД 70 %-ға дейін кедейлік шегін (*20 789 теңге*) арттыруды есепке алғанда)

Отбасының ересек мүшесіне АӘК мөлшері - 24 912 теңге (12 456 теңге* отбасының 2 ересек мүшесі)

Балаларға АӘК мөлшері - 83 156 теңге (20 789 теңге*4 бала).

Барлығы отбасына АӘК мөлшері айына 108 068 теңге.

Төртіншіден, АӘК тағайындау рәсімі сұратылатын құжаттарды оңтайландыру арқылы женілдетіледі. Осылайша, халықты жұмыспен қамту орталықтары немесе ауылдық округтер мен кенттер әкімдіктерінің мамандары ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған кезде тиісті мемлекеттік органдарға сұрау салуларды рәсімдейді.

Аз қамтылған азаматтарға кешенді әлеуметтік көмек көрсетілетін АӘК тағайындау тәртібі:

Біріншіден: ақшалай төлем;

екіншіден, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары, яғни оқуға, жастар практикасына, әлеуметтік жұмыс орындарына жіберу, белгіленген тәртіппен микрокредиттер беру;

үшіншіден, әлеуметтік бейімдеу шаралары, ол мүгедектерді әлеуметтік оңалтуды, заң консультацияларын өткізуі, тұрғын үй коммуналдық қызметтерін тәлеу бойынша шығыстарды өтеудің тұрғын үй көмегін алуды, тұрғын үй алуға және балабақшаларға кезекке тұруды, сондай-ақ әйелдер өмханаларына есепке тұруды және т.б шараларды қамтиды (секциялар, үйрмелер, факультативтік оқулар мен мектепте оқытындарға тегін тамак)

АӘК: шартты және шартсыз ақшалай көмек болып 2 түрге жіктеледі:

1.Шартсыз ақшалай көмек еңбек етуге қабілеті жоқ азаматтар бар отбасыларға немесе еңбекке қабілеті бар жалғыз мүшесі белгілі бір себептерге байланысты (жеті жасқа дейінгі баланың, мүгедек баланың, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектің, бөгде адамның көмегіне мұқтаж қарт адамның күтімімен айналысатын) жұмыс істей алмай отырған отбасыларға беріледі. Шартсыз ақшалай көмек алу үшін жұмыспен қамту шараларына қатысу міндетті емес.

2. Шартты ақшалай көмек құрамында кемінде бір еңбек етуге қабілетті мүшесі бар отбасыларға беріледі және әлеуметтік келісімшарт жасасу және оны адал орындау шартымен көрсетіледі.

Әлеуметтік келісімшарттың қолданылу мерзімі 6 айды құрайды.

Шартты ақшалай көмек жүгінген айынан бастап тағайындалады және ай сайын немесе әлеуметтік келісімшарт қолданылған кезде бір рет төленеді.

Өтініш беруші әлеуметтік келісімшарттың мерзімін ұзарту үшін әлеуметтік келісімшарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 10 күн қалғанда жазбаша жүгінуі қажет.

Атаулы әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы табысы әр отбасы мүшесіне шаққанда **кедейлік шегінен аспайтын азаматтарға тағайындалады**.

Бұгінгі күні кедейлік шегі ең төмен күнкөріс деңгейінің **50%-ын немесе 14 849 теңгені құрайды**, 2019 жылғы 1 шілдеден бастап ең төмен күнкөріс деңгейінің

70%-ын немесе 20 789 теңгені құрайды.

Осылайша, **АӘК мөлшері** адамға (отбасыға) шаққанда **жан басына шаққандағы табыс** пен өнірлерде әрбір отбасы мүшесіне белгіленген **кедейлік шегі арасындағы айырма түрінде** есептеледі.

Бұл ретте **отбасының жиынтық табысы** тұрғын үй және атаулы әлеуметтік көмекті, сондай-ақ белсенді жұмыспен қамту шараларын қоспағанда, барлық табыс түрлерін қамтиды.

2. Мүгедектігі бар балаларға күтім жасайтын отбасыларға әлеуметтік қолдау көрсетуді қүшейту

2019 жылғы 1 шілдеден бастап мүгедектігі бар балаларға және 18 жастан асқан бала кезінен бастап бірінші топтағы мүгедектерге күтім көрсету бойынша мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері **30%-ға** артады. Нәтижесінде **100 мың азамат үшін** жәрдемақылардың мөлшері **31 183** теңгеден **41 578** теңгеге дейін өседі.

3. Көп балалы отбасыларды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын көнектізу

Көп балалы отбасыларды қолдау шараларын қүшету мақсатында Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы) шеңберінде мынадай шаралар көзделетін болады.

Біріншіден, гранттар мен микрокредиттердің жеке квотасы көзделеді. Көп балалы ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтамасыз ету үшін оларға отбасылық бизнес ашу және табысын арттыру үшін жаңа бизнес-идеяларға **505 мың теңге** (200 АЕК) мөлшерінде өтеусіз негізде **мемлекеттік гранттар беріледі**.

Сондай-ақ, ауылдық жерлердегі көп балалы аналарға және мүгедектігі бар адамдарға өз ісін ашу үшін **6,5 млн. теңгеге дейін** және якорлы кооперацияны дамытуға **20 млн. теңгеге дейін** женілдікті **микрокредиттер беріледі**.

Екіншіден, көп балалы аз қамтылған ауылдық отбасылар үшін сұранысы бар мамандықтарға қысқа мерзімді оқыту үйімдастырылады, **үйде үйімдастырылатын әлеуметтік жұмыс орындары** ашылады (*кім тігу, наң пісіру және т.б.*). Бұл бала күтімі мен еңбек қызметін қоса атқаруға, сондай-ақ қосымша табыс көзін алуға мүмкіндік береді.

Осы шараларды іске асыру үшін «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына тиісті өзгерістер енгізілетін болады.

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шенберіндегі әрекеттегі шаралар

Бағдарламаның іс-шараларын іске асыру үшін **бағыт бойынша** жүзеге асырылады.

Бірінші бағыт «Техникалық және кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді кәсіптік оқытумен қамтамасыз ету» - халықты жаппай оқыту жолымен нәтижелі жұмыспен қамтуға тарту үшін жағдай жасауға бағытталған.

Бірінші, оқу орындарына түспеген мектеп түлектерін қоса алғанда, жұмыссыз жастарды **техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі** (ТЖКБ) арқылы бірінші кәсіпке оқытуға мүмкіндік беріледі. Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауға арналған жыл сайынғы қабылдау жоспары 20,2 мың адамды құрайды.

Екінші, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша кәсіби дағдыларды қалыптастыру үшін 29 жасқа дейінгі жастарға, жұмыссыздарға, өзін-өзі жұмыспен қамтыған және қысқартылған қызметкерлерге стипендия мен материалдық көмек төлей отырып, **қысқа мерзімді кәсіптік оқудан** тегін өтуге мүмкіндік беріледі.

Екінші бағыт «Жаппай кәсіпкерлікті дамыту» қалаларда және ауылда микрокредит беруді көнегейтуге бағытталған.

Микрокредиттер бизнесті ашу, қолданыстағы көнегейту және якорлы кооперацияны дамыту мақсатында - 5 жылға дейін, ал мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін және ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру үшін - 7 жылға дейін беріледі.

Кредиттер бойынша номиналды сыйақы мөлшерлемесі жылдық 6%-дан аспайды.

«Атамекен» ҰКП «**Бастау-Бизнес**» жобасы аясында кәсіпкерлікпен айналысқысы келетін Бағдарламаға қатысуышылар бизнес неғіздеріне оқи алады.

Үшінші бағыт «Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту».

Үшінші бағыт аясында әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру, жастар практикасына және қоғамдық жұмыстарға жіберу қарастырылған.

Еңбек ресурстарының ұтқырлығын ынталандыру үшін азаматтарды еңбек күши көп өнірлерден (Алматы, Жамбыл, Маңғыстау, Түркістан, Қызылорда) елдің еңбек күшіне тапшы өнірлеріне (ШКО, Қостанай, Павлодар, СКО) ерікті түрде көширу жүзеге асырылады.

Бағдарлама шенберінде ерікті қоныс аударуға қатысуышылар үшін мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі, олар көшуге арналған субсидиялар (35 АЕК мөлшерінде), тұрғын үй жалдау (жалға алу) бойынша шығыстарды жабу және коммуналдық қызметтерді төлеу үшін 12 ай ішінде берілетін ай сайынғы төлемдер (15-тен 30 АЕК дейін).

2018 жылдан бастап жұмыс берушілерге қоныс аударушылар қатарынан тұрақты жұмысқа қабылданған әрбір қызметкер үшін 450 АЕК мөлшерінде субсидия беріледі (5 адамнан кем емес).

Жастар жылды аясында жастарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу

2019 жылды жастарды қолдауға арналған «**Zhastar El**

Tiregi» жалпыұлттық жобасы іске қосылады.

Осы жобаның **«Жас кәсіпкер»** бағыты бойынша «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде:

- жастардың кемінде 20 мың өкілін **«Бастау Бизнес»** кәсіпкерлік негіздеріне оқыту жоспарланған;
- жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жастарға қосымша **10 мың мемлекеттік грант бөлінеді** (соманың 2 есеге **100-ден 200 АЕК-ке дейін** немесе **252,5 мың теңгеден 505,0 мың теңгеге** дейін ұлғаюымен).

2019 жылдың 1-ші кварталында жас кәсіпкерлерге **5 мың шағын несие** (жоспарланған 14 мыңның ішінен) беріледі.

«Жас маман» бағыты шеңберінде **жастар практикасымен** қамту қосымша **10 мың** адамға кеңейтіліп, **25,5 мың** жасты құрайды.

Нәтижесінде 2019 жылдың мемлекеттік қолдау шараларымен **60 мыңнан** астам жастар қамтылады.

II. ТҰРҒЫН –ҮЙМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАЛАРЫН ЖАҚСАРТУ

2.1. Көпбалалы отбасылардың қатарынан жағдайы тәмен отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету

Біріншіден, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Нұрлы жер» бағдарламасының шеңберінде 2025 жылға дейін көпбалалы отбасылардың қатарынан, әсіресе жағдайы тәмен отбасылар үшін **40 мыңнан астам жалдамалы пәтерлер** салынатын болады.

Бұл ресми кезекте тұрған **28 мың** көп балалы жағдайы тәмен отбасыларды баспанамен қамтамасыз ету мәселесін толық шешуге мүмкіндік береді.

Осы мақсаттарға алдағы 7 жылда жыл сайын қосымша **50 млрд. теңгеден** бөлу жоспарлануда. Қаржыландырудың жалпы сомасы **350 млрд. теңгені** құрайтын болады.

2019 жылдың **мамыр айында** көп балалы отбасылар үшін жалдамалы тұрғын үйлер беру басталады.

Мысалы:

Жергілікті бюджеттен 10%-дан кем емес қоса қаржыландырылған жағдайда, 60 ш. метрден кем емес бір пәтерге 8,4 млн. теңге бөлу көзделетін болады (**жайлыштықтың 4-3 кластары**).

Пәтерлердің параметрлері артылған жағдайда жергілікті бюджеттен қоса қаржыландыру ұсынылады

Бүгінгі күні өнірлердің қолданыстағы жобаларын іріктеу мен келісу, бюджеттік өтінімдер бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бастапқыда өнірлердің қажеттілігіне сәйкес қаражат пулдармен бөлінетін болады.

Аталған шараларды іске асыру үшін «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына және «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасына өзгерістер енгізілетін болады.

Екіншіден, қосымша шара ретінде өз иелігінде қымбат емес тұрғын үйдің болуын қалайтын көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша, Қазақстан тұрғын үй құрылышы жинақ банкі арқылы **20 жылға** дейін **2%-бен** женілдетілген кредит беру мәселеісі пысықталуда.

Аталған тетік **ең төмен жалақыдан төмен** табысы бар (42,5 мың теңге), жағдайы төмен отбасыларға ұсынылатын болады.

Осындай кредит:

- 1) 4 баладан бастап баласы бар көп балалы отбасыларға;
- 2) мүгедек балалары бар немесе мүгедек балаларды тәрбиелейтін отбасыларға;
- 3) көмелетке толмаған балалары бар толық емес отбасыларға берілетін болады.

Бұл мақсаттар үшін **3 жыл ішінде** республикалық бюджеттен жыл сайын **50 млрд. теңгеден** бөлінетін болады, жалпы осы тетікті іске асыру үшін **150 млрд. теңге** қажет.

Нәтижесінде 33 мыңға жуық жағдайы төмен отбасылар женілдетілген қарыз ала алады.

Мәселе:

Пәтер бағасы 8 млн. теңге болған кезде, алғашқы жарна (10%) 800 тыс. теңгені құрайды, қарыз мерзімі 18 жыл,

Ай сайынғы төлем көлемі:

Алғашқы 8 жыл – 42,1 мың теңге,

Қалған 11 жыл – 27,4 мың теңге

Төлем сомасы пәтер параметрлеріне, бағасына, егер отбасы алғашқы жарнаға қосымша қаражаттар ұсынса немесе ҚТҚЖБ жинақтауы бар болса, және т.б. факторларға байланысты төмендеуі мүмкін.

2.2. Орта білім саласындағы реформаларды логикалық соңына жеткізу

Біріншіден, барлық білім беру деңгейлеріндегі жаңартылған мазмұн бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру жұмыстары жалғастырылады. Үш жыл мерзімде мектеп, колледж және ЖОО-ның **244 мың** педагогы курсармен қамтылатын болады.

Екіншіден, жоғары сыныптарда жаратылыстану-ғылыми цикл (биология, информатика, физика, химия) пәндерін ағылшын тілінде оқытуға көшу кадрлардың және мектептердің дайындығын ескере отырып, кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болады.

Ол үшін ЖФЦ пән мұғалімдерін ағылшын тілінде даярлау сапасын арттыру мақсатында мұғалімдердің тілдік курсарына көзделген қаржы 2020 жылдан бастап жоғары оқу орындарына бағытталатын болады.

2020 жылдан бастап мектептерге ағылшын тілінде даярланған 1000-ға жуық ЖОО бітірушілері келетін болады.

Үшіншіден, демографиялық өсу және урбандалу процесін ескере отырып, мектептердің желісін кеңейту жұмыстары жалғастырылатын болады.

2020 жылдан бастап мектеп құрылышын және күрделі жөндеуден өткізуді қаржыландырудың жаңа әдістемесі енгізіледі. Жаңа әдістемеге сәйкес қаржыландыру көлемі оқушылар контингентіне байланысты анықталады.

Мектеп құрылышының орнын анықтау жергілікті атқарушы органдардың құзыретінде болады. Бұл ретте құрылыш орны

туралы шешім өнірдің ішкі қажеттіліктерін ескере отырып, қабылданады.

Төртіншіден, 20 жоғары оқу орны мен 180 колледждің материалдық техникалық базасын жаңғыруту жұмыстары жасалады.

Бұл үшін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп 100 басым мамандық анықталады және олардың негізінде ЖОО мен колледждерді жарактандыру үшін қажетті жабдықтар тізбесі белгіленеді.

Сондай-ақ, бағдарлама шенберінде колледж оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің біліктілігін арттыру көзделген. Оқу процесіне шетелдік мамандар тартылады.

2.2. Халықтың тұрған жеріне қарамастан сапалы денсаулық сақтауға деген қолжетімділігін қамтамасыз ету

Біріншіден, медициналық-санитариялық алғашқы көмектің қолжетімділігін арттыру және медициналық көмектік сапасын жақсарту мақсатында 3 жылдың ішінде **800** бірліктен астам автомобильдер мен реанимобильдер, шалғай орналасқан ауылдардағы үйымдар үшін барлығына 27 млрд.тенге бөліне отырып жылжымалы медициналық тексеріп-қарау пункттерінің **18** жылжымалы медициналық кешені сатып алынады.

Екіншіден, ауылдық елді мекендерді медициналық көмекпен қамтуды ұлғайту мақсатында 2021 жылға дейін МСАК-тың **595** объектісінің құрылышы жоспарланып отыр.

7 өнірде 10 аурухананың құрылышына қосымша 120 млрд.тенгеге жуық қаражат бөлінеді. Жыл сайын шамамен **100 мың** пациент жаңа стационарларда ем алатын болады.

(Астана қ. - 2, Қарағанды облысы – 1, Манғыстау облысы – 1, Түркістан облысы – 2, СКО – 1, ШКО – 1, Алматы қ. - 2).

Үшіншіден, қоғамдық денсаулықты сақтауға және медициналық-санитариялық алғашқы көмекке жұмсалатын шығыстар денсаулық сақтауды қаржыландырудың жалпы

көлемінен **40 %-дан 60%-ға** дейін ұлғаяды.

Емдеуден профилактикаға көшу мақсатында вакциналар тізбесін кеңейтуге жұмсалатын шығындар **2 есеге** 2019 жылғы 27 млрд. теңгеден 2022 жылы **53 млрд. теңгеге** дейін өседі.

Онкологиялық ауруларды **ерте сатыда анықтау** үшін халықта арналған скринингтік бағдарлама 2022 жылға қарай шығыстарын **2,5 есеге** ұлғайтылып, кеңейтілетін болады (2019 жылғы 4,4 млрд. теңгеден бастап 2022 жылы **11 млрд. теңгеге** дейін).

Тегін дәрілермен және мамандандырылған емдік өнімдермен қамтамасыз етуге жұмсалатын шығыстар да 2019 жылғы 94 млрд. теңгеден бастап 2022 жылы **362 млрд. теңгеге** дейін өседі.

Медициналық оңалту және станционарды алмастыратын көмек қызметтеріне шығыстар З жылдың ішінде 9 млрд. теңгеден **47 млрд. теңгеге** дейін өседі.

Төртіншіден, МӘМС жүйесінде аз қамтылған отбасылары үшін медициналық көмекті кеңейту мақсатында 2020 жылдан бастап азаматтардың жеңілдікті санаттарына:

1) бала жасынан бастап бірінші топтағы мүгедек баланы күтуді жүзеге асыратын адамдар (барлығы 15,5 мың адам);

2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатындар (барлығы 31,7 мың адам);

3) бірге тұратын кәмелет жасқа толмаған, соның ішінде күндізгі бөлімде оқу оқитын төрт және одан да көп балалары бар көп балалы адамдар (барлығы 47,4 мың адам) қосылады.

Бұл іс-шаралар **95 мыңға** жуық азаматтың тегін медициналық көмекке қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

III. ӘМІР СҮРУ САПАСЫН ЖАҚСАРТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ӘҢІРЛІК САЯСАТ

3.1. Заманауи жергілікті жолдардың желілерін кеңейту

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін жергілікті автожолдарды кеңейтуге **350 млрд. теңге** немесе

жыл сайын 50 млрд. теңгеден бөлінетін болады. Бұл **жылына** қосымша **1 мың км** жолды жөндеуге мүмкіндік береді.

Жалпы, жергілікті жолдарды жөндеуге **жыл сайын** тепе-тендік негізінде **200 млрд. теңге** шегінде қаржыландырылады және **2025 жылдың соңына дейін 5 мың км жуық** жол жөнделсе, жергілікті жол желілерінің **95%-ның** жағдайы жақсаратын болады (жақсы және қанағаттанарлық жағдайды).

2019 жылы тепе-тендік негізінде республикалық және жергілікті бюджеттерден **162 млрд. теңге** көзделген және **4 мың км**, оның ішінде **2 мың км жуық** жол ресайкинг әдісімен жөнделтін болады.

3.2. Астана, Алматы және Шымкент - ірі қалалардың шет аймақтарының мәселелерін шешу

Астана, Алматы және Шымкент қалалары еліміздің экономикалық өсуінің түйінді орталығы болып табылады, қала маңында және шет аймақтарында халықтың көп саны шоғырландырылған.

Шет аймақтарының инфрақұрылымы және абаттандыруы қалалардың орталықтарынан кем болмауы тиіс.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша **ірі қалалардың шет аймақтарының мәселелерін** шешу үшін республикалық бюджеттен **90 млрд. теңге** немесе 3 жыл ішінде 30 млрд. теңгеден бөлінеді, бұл **қалалар маңы** және **шет аймақтары** елді мекендерінің инфрақұрылымын жақсартады.

Бүгінгі күні сумен жабдықтау және су бұру саласындағы жобаларға, сондай-ақ жолдар құрылышына жобалау-сметалық құжаттама әзірленді.

3.3. Шағын және монокалаларды дамыту

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес шағын және монокалаларды дамытуға үш жыл бойы жылсайын қосымша **10 млрд. теңгеден** берілетін болады.

Қазіргі уақытта облыс әкімдіктерінің басымды бюджеттік инвестициялық жобалары тандалды. Жобалар шағын және

моноқалаларда инженерлік және жол инфрақұрылымдарын жаңғыртуға бағытталған.

3.3. Елдің барлық тұрғындарын таза ауыз суға қолжетімділігін қамсыздандыру және барынша газдандыру жүргізу

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша халықты сумен жабдықтау және су бұрумен қамтамасыз ету үшін қосымша **140 млрд. теңге** бөлінеді.

Бұл **2,2 млн.** астам адамға осы саладағы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысының Жолдауын орындау шеңберінде өткен жылдан бастап **ауылдық сумен жабдықтауға** жыл сайын барлық қаржыландыру көздерінен **100 млрд. теңге** бөлінеді. Осының арқасында **84,4%** ауыл тұрғындары (6,5 млн. адам) орталықтандырылған сумен жабдықтаумен қамтамасыз етілді. Осы бағыттағы жұмыс жалғастырылуда және **2025 жылға** дейін **95% ауыл тұрғындарын** таза ауыз сумен қамтамасыз ету жоспарлануда.

Қалаларда орталықтандырылған сумен жабдықтаумен **94,5%** (10 млн. адам) қамтамасыз етілді. 2025 жылға дейін бұл көрсеткіш 100%-ға дейін жеткізілетін болады. Ол **1,3 млн. адам** үшін сумен жабдықтауға және су бұруға қолжетімділігін арттыруға, сонымен қатар **1,8 млн. адам** үшін ұсынылатын қызметтер сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Мысалы,

*Ағымдағы жылы бөлінген қаражат есебінен құны **10,6 млрд. теңгені** құрайтын «Ақтау қаласындағы ауыз судың өнімділігін тәулігіне 40 мың м³ арттыру бойынша «Каспий» тұшытқыш зауытын көнегіту» жобасы басталады (2019 жылы жобаны бастауға 2,35 млрд. теңге бөлінеді).*

Осы жобаны іске асыру тұрғындары 182 мыңнан астам адамды құрайтын Ақтау қаласы мен Мұнайлы ауданындағы ауыз суға тапшылық мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

3.4.«Ауыл – Ел бесігі» арнайы жобасын іске асыру

Үкімет әкімдіктер және маслихаттармен бірлесіп **1,5**

МЫҢ перспективалы ауылдық елді мекендерді белгіледі. Аталған ауылдарда әлеуметтік, инженерлік және жол инфрақұрылымдық объектілері жаңғыртылатын болады.

Бұл мақсаттарға алдағы 3 жылда **90,0 млрд.** теңге, оның ішінде **30,0 млрд.** теңге 2019 жылы республикалық бюджетті нақтылау шеңберінде бөлінеді.

